

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫНЫҢ қасиетті Рамазан айына байланысты халыққа ҮНДЕУІ



Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын! Құрметті отандастар, бауырлар! Баршаңызды күллі мұсылман баласы сағына күткен, берекелі, қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын. Рамазан мүбәрәк болғай!

Рамазан - жалтыға ортақ ізгі амалдар маусымы. Ораза - тәрбие, сабыр, қайырымдылық, ізгілік мектебі.

Рамазан - қайырымды жандар үшін үлкен мүмкіндік. Оразада жасалған Жаратушы Иемізге ұнамды әрбір қайырлы іс - үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: «Адамдардың жақсысы - елге пайдасы тигендері», - деген. Адам қалай ниет етсе, сол мақсатына жетеді.

Әр пенде сауапты амалымен, тақуалығымен Алланың алдында дәрежесі артады. Жомарт, жанашыр азаматтарды, кәсіпкерлерді көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге, мәселен, су тасқынынан үйсіз, шарасыз қалған отандастарымызға қайырымдылық жасауға, табиғи апат салдарынан бұзылған үйлерді жөндеуге қол ұшын беруге, жетім мен жесірге мейірімділік танытып, қараусыз қалған

қарттарға көңіл бөлуге шақырамын.

Зекет беру - жағдайы келген (шариғат бойынша нисап мөлшеріне жеткен) мұсылманға парыз. Ал зекет берекелі Рамазан айында берілсе, оның да сауабы еселеніп жазылады.

Қасиетті айдың құрметі үшін азық-түлік, көкөніс пен тұрмыстық заттарға жеңілдік жасалып, Құдайы астар мен садақалар ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішімдіксіз өткізілсе, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмесе деген тілегімді білдіремін.

Сонымен қатар, көпшілік жұртқа оразаның әр күнінде бір жақсылық жасауды жоспарлап, осынау сауапты амалдарды ықыласпен орындауға, Алланың әрдайым бізге үздіксіз нәсіп ететін нығметтерінен садақа беруге шақырамын. Ізгі амалдар Рамазаннан кейінгі айларда да жалғасын тапса игі.

Рамазан - бірлік айы. Осы айда берілетін ауызашарлар ағайын-жұрттың арасын жақындастырып, игі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар халқымызды сенімімен нәсіліне қарамай, ортақ мақсатқа үндейді. Бүкіл әлемнің Жаратушысы барша адамға: «Бөлінбеңдер», - деп бауырмал болуға бұйырған. Бірлігі күшті елдің берекесі артады. Бірлігімізге бекем болайық!

Қадірлі жамағат! Сауабы еселеніп жазылатын қасиетті айда жасаған амалдарымыз бен ізгі ниеттерімізді Алла тағала қабыл етпей! Әумин!

ПОСЛЕДНИЙ ЗВОНОК



Когда уйдем со школьного двора

Вот и наступила прекрасная долгожданная пора, вместе с которой - последний звонок во всех образовательных учреждениях. Уже совсем скоро перед выпускниками школ откроются сотни разных дорог, а самая счастливая пора - школьные годы - останется позади. Последний звонок, прозвучавший во всех школах, возвестил об окончании учебного года.

Праздники последнего звонка прошли во всех образовательных учреждениях района, и на каждом из них присутствовали ветераны труда, родители, приглашенные гости. День 25 мая был наполнен музыкой, пьянящим ароматом весенних цветов, яркими красками воздушных шаров и букетов цветов, сияющими улыбками на лицах людей и, конечно же, не обошлось без слез от расставания с любимой школой.

В ШГ им.С.Баймағамбетова в этом году 29 выпускников 11-го класса и 54 учащихся заканчивают 9-й класс. На традиционный праздник последнего звонка в гимназии собрались и родители, и гости, чтобы вместе со всеми порадоваться за детей-выпускников, сказать им добрые слова напутствия и вручить памятные подарки. И вот школа построена, под звуки школьного вальса на торжественную линейку, посвященную последнему звонку, проходят выпускники основной школы, районной гимназии. За ними идут те, кого называют гордостью школы, - одиннадцатиклассники, прошедшие нелёгкий путь от первого школьного звонка. Звучит гимн Республики Казахстан. Торжественную линейку, посвященную последнему звонку, открывает директор

школы-гимназии Салтанат Максүтова, поздравив присутствующих с праздником. На торжественном мероприятии присутствовали гости: Амантай Балгарин, аким района, Нурлан Аманкулов, заместитель акима района, Досбол Кусайнов, аким села Аулиеколь, Акимбек Кабденов, председатель районного совета ветеранов, Асет Айсин, руководитель отдела образования.

Атмосфера радостного ликования и чувство праздника не покидало всех, кто присутствовал на торжественной линейке. Поразило то, что в этом образовательном учреждении обучается так много результативных учеников. Бесконечное количество почетных грамот разных уровней, похвальных листов, благодарственных писем, подарки, цветы, поздравления и напутствия буквально сыпались градом. Хочется привести пожелания акима района А.Балгарина, который подчеркнул, как важно ребятам не жить чужой жизнью, не терять время, которое сейчас намного быстротечнее, чем раньше, пожелал повстречать хороших надежных людей, ставить перед собой цель, следовать своему сердцу, найти свое дело. Его слова прозвучали так убедительно, что очень захотелось, чтобы каждый



из выпускников обязательно услышал их. В этот день большому количеству не только гимназистов, а также учителей были вручены почетные грамоты. Всем учащимся вручены похвальные листы за успехи в учении. Так держать, гимназисты-баймағамбетовцы!

Выпускники в свою очередь выразили слова благодарности педагогам, родителям, всем тем, кто терпеливо и уверенно вел их по дороге знаний до этого самого дня. А после ребята отправились в небо разноцветные шары в знак того, что за спиной остается беззаботная школьная пора, а впереди ждут множество неизведанных дорог. Торжественная часть завершилась почетным кругом выпускников.

Далее виновники торже-

ства представили вниманию присутствующих танцевальные номера, школьный вальс. Последний звонок подали ученица 11 класса Дамира Дуйсенбаева, ученик 6 класса Алихан Аманжолов и ученица 4 класса Саяна Сейдахметова. Красочное представление закончилось фотографированием на память возле порога гимназии. Выпускники школы шумно толпой направились в свой кабинет.

Глядя на них, озорных, веселых, беззаботных, каждый из взрослых, наверное, вспомнил свой последний звонок. Так что хочется от души пожелать нынешнему поколению: да храни вас Аллах! В добрый путь, ребята!

Асемхан ЕСМАҒАМБЕТОВ
Фото автора

МЕРЕКЕ

Есте қалар күміс қоңырау

25 мамырда ауданның барлық мектептерінде дәстүрлі соңғы қоңырау сынғырлап, тағы бір оқу жылы артта қалды.

Аудан бойынша 5342 оқушы оқу жылын аяқтады. 407 шәкірт озат, ал 1613-і екпінді. Мектеп бітіргелі отырған 11 сынып оқушыларының саны 276, соның 182-сі ұлттық бірінғай тестілеу тапсырады. Үш түлек Алтын белгіге және екеуі ерекше үлгідегі аттестатқа үміткер.

Соңғы қоңырау Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепте ерекше сән-салтанатымен өтті. Мектеп алдына аппақ шағаладай киінген ұл-қыз, ата-аналар, қонақтар жиналды. Тәлімсізгіне келген оқушылар сапқа тұрды. Бұл ерекше күнді асыға күткен шәкірттердің жүздері бал-бұл жайнайды. Жүректері толқып, ерекше сезімге бөленіп шашына ақ бантик таққан, ақ көйлек киген 45 түлек қол ұстасып сынып жетекшілері Жанар Баймолдинамен және Жұмазия Нұрмановамен бірге ортаға шықты.

Мектептің мақтан тұтар түлектері, аудандық және облыстық пәндік олимпиада жүлдегері, «Алтын белгіге» үміткер Аружан Омарова мен дейбі ойынынан облыстық жарыстардың жеңімпазы, есімі Әулікөл жастарының Алтын кітабына енгізілген Елдос Қабыраханов ту көтеру құрметіне ие болды. Мемлекеттік әнұран орындалды.

Мерекеге қатысқан аудан әкімінің орынбасары А.Кисиков ерекше тарихы бар білім ордасынан есімі елімізге белгілі мемлекет қайраткерлері білім алғанына тоқталып, алдыңғы толқын ағалары сияқты өнер-білімге құштар болындар, ұстаздарын мен ата-аналарының үмітін ақтандар деді. Мектеп бітіруші түлектерге ел болашағы - жастардың қолында, ендеше терең білім алу жолында жалықпай, талмай ізденіп, ел тізгінін ұстайтын азамат болындар. Болашақтарын жарқын болсын, баршаға сәттілік пен мол бақыт тілеймін деген ізгі тілегін арнады.

Асхат Ғалымұлы биылғы түлек Елдос Қабырахановты Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының грант иегері атануымен құттықтап, сертификат

табыс етті.

Сөз алған мектеп директоры Ғалымжан Ершіев 2015-2016 оқу жылында білім ошағының қол жеткен табыстарын баяндап, өте жақсы оқыған 12 шәкіртке Мақтау қағазын табыс етті.

Салтанатты жиында Азия чемпиондарын, Қазақстан барысын, еліміздің бірнеше дүркін чемпиондарын дайындаған, есімі республикаға танымал бапкер Қайыргелді Мақанов, ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ұлбөпе Әбдібекова, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Айнуір Фаткуллина, сондай-ақ мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысқан ата-ана, бір топ оқушылар грамоталармен және Алғыс хаттармен марапатталды.

Сондай-ақ номинация бойынша Гүлсая Жұмабекова - "Үздік сынып жетекшісі", Аружан Ома-



рова - "Жыл оқушысы", Елдос Қабыраханов - "Жыл спортшысы" атанды. Дене шынықтыру бірлестігі - "Нәтижелі өдістемелік бірлестік" деп танылды.

Тәлімсізгінің дәстүрлі рәсімдері аманат тапсыру және қоңырау соғу. Түлектер атынан аудандық Абай оқулары байқауының жеңімпазы Айдана Марат келесі

оқу жылының түлегі Арайлым Сәдуақасоваға аманат тапсырды.

Үлкен өмір жолына аттанғалы отырған түлектер дауыстары дірілдеп жүрекжарды лебіздерін білдірсе, өнерлі оқушылар әннен шашу шашып, мың бұрала би биледі.

Мектептің белсенді түлектері Ариман Ерліков пен Аружан Бал-

табаева соңғы рет күміс қоңырауды сынғырлатып соғып, оны 1 сынып бүлдіршіндері Елнұр Мәліков пен Аружан Тухасоваға табыстады.

Қоңырау үні сынғырлап, мектеп алаңын шаттыққа толтырып қана қоймай, түлектер жүрегінде кимастық сезім тудырып, білім сапарына, өмірдің үлкен жолына

шақырып тұрғандай. Қоңырау үні құлақтарыңнан мәңгі кетпесін.

Алтын ұядан қанат қағып ұшқалы отырған оқушылар алдында үлкен сынақ тұр. Осы сыннан сүрінбей өтулеріне тілектеспіз.



Сәт сапар, түлектер!

Жұмакүл СЫЗДЫҚОВА
Суреттерді түсірген
Маралбек НЫҒМЕТЖАНОВ

ОБРАЗОВАНИЕ

Школьные годы чудесные

День прощания с детством, так, наверное, можно назвать последний звонок. Каждый взрослый помнит торжественную линейку, нарядных выпускников и немного растерянных родителей, которым трудно поверить, что их дети уже взрослые.

В Сулукольской средней школе имени Ш.Шаяхметова последний звонок прозвенел в этом году для тринадцати выпускников. В школе этот праздник постарались сделать красивым и запоминающимся. Готовились все: учителя, ученики и, конечно же, виновники торжества. В этот праздничный день выпускники принимали последние напутствия от своих, ставших таковыми родными, учителей, друзей, родителей и руководства школы. Директор школы Рыскуль Мира-



мовна зачитала приказ о награждении отличников и поздравила ребят с окончанием учебного года. На празднике присутствовали гости, руководитель отдела архитектуры акимата рай-

она Д. Боранбаев и методист отдела образования Гульмира Токтамысова, пожелали выпускникам, родителям и педагогическому коллективу самые теплые пожелания. Также

Г.Токтамысова поблагодарила весь учительский состав с их плодотворной работой за период учебного года, и поздравила выпускницу Меруерт Нурушеву в победе «Ученик года». Хочется отметить, что именно ученица Сулукольской средней школы имени Ш.Шаяхметова первая обладательница этого звания по всему Аулиекольскому району.

Заключительным аккордом школьной жизни стал последний звонок, право дать его было, представлено ученице первого класса Жаннуре Айтуаровой и ученикам одиннадцатого класса Рустему Баймуханову и Меруерт Нурушевой.

Впереди выпускников ждет самый ответственный момент - сдача ЕНТ, желаем им достичь высокого результата.

Гульнур КАБДЫБЕКОВА,
студентка I курса
факультета журналистики
КГУ им. А.Байтурсынова

В добрый путь, выпускники!

Ежегодно выпускники спешат в школьные стены, которые когда-то в детстве стали родными на всю жизнь. Школа распахнет свои двери, и с нетерпением будет ждать часа встречи с мальчишками и девочками. Хотя многие из них давно уже стали взрослыми, деловыми, уважаемыми людьми.

В субботу, 7 мая в Федосеевской основной школе состоялся долгожданный вечер встречи выпускников. Молодежь и взрослые с трепетом ждали этого дня, чтобы увидеться со своими одноклассниками и учителями, которых, возможно, не видели много лет. В этом году в школе приветствовали выпускников, начиная с 1976 года выпуска до самых юных выпускников.

Мероприятие прошло в душевной уютной обстановке. Коллектив школы долго и серьезно готовился к этому мероприятию. Ученики активно помогали своим учителям. Для выпускников был организован праздничный концерт «Встреча школьных друзей» с массой интересных номеров: вокальных,

танцевальных, юмористических. Ярким и запоминающимся было выступление младших школьников. Особое впечатление произвели маленькие артисты ученицы 3 класса Жансая Айтуарова и Карина Баранова талантливо танцевали казахский национальный танец. Во время их выступления с лиц присутствующих не сходила улыбка.

Юбилейным выпускам предоставлялось слово. Под звуки романтической музыки они поднялись на сцену. От имени выпускников, окончивших школу 37 лет назад, выступила Гульнар Абишева, сколько добрых слов она сказала о школе, искренне, трогательно поблагодарила всех педагогов, давших самые ценные и

важные знания, оставивших добрую память в сердцах учеников. От имени выпускников, окончивших школу восемь лет назад,

дагогов, которые ежедневно спешили в школу к своим ученикам, дарили частичку души. Учили, воспитывали, наставляли, пере-



выступила Гульназ Шаяхметова, ее речь была проникновенной и трепетной, эхом отзывалась в сердце каждого присутствующего в зале. Она вспомнила всех пе-

живали. Роскошные букет, благоухающих цветов получили учителя из рук благодарной выпускницы, и в подарок подарила свой музыкальный номер.

С помощью мультимедийной презентации, подготовленной выпускницей 2012 года Айгерим Истаевой, были показаны фотографии учителей, необыкновенных людей, посвятивших свою жизнь благороднейшей из профессий. Каждое фото было встречено громким рукоплесканием, а школьные песни, сопровождавшие показ, явились гармоничным дополнением к создавшейся в зале атмосфере романтики и ностальгии. Подводя итог, выступила директор школы З.Бабан рассказала о сегодняшней жизни школы, об успехах и достижениях учеников. Зауреш Кабдибековна поблагодарила всех выпускников, собравшихся в зале, за то, что не забывают свою родную школу, своих любимых учителей.

Праздник продолжался долго и интересно. После объявления ведущих о закрытие торжественной части. Продолжилась встреча в классных кабинетах, где бывшие одноклассники за чашечкой чая делились своими школьными воспоминаниями самыми светлыми, самыми добрыми, самыми чистыми.

Гульнур КАБДЫБЕКОВА,
студентка I курса
факультета журналистики
КГУ имени А.Байтурсынова

ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СИМВОЛОВ

Горделиво над страной реет флаг родной

Как известно, отличительными знаками любого суверенного государства являются государственные символы. В нашем государстве государственными символами являются флаг, герб и гимн, которые были утверждены после обретения Казахстаном независимости, и на сегодня они узнаваемы во всем мире.

Именно по ним представители нашей страны узнают на международной арене, деловых встречах, международных соревнованиях, олимпиадах.

Флаг Казахстана с золотистым национальным орнаментом слева, золотистым солнцем и парящим силуэтом орла в центре сегодня украшает административные здания в Республике, развешается над зданиями посольств суверенного Казахстана в иностранных государствах.

При исполнении гимна на официальных церемониях присутствующие должны вставать и прикладывать ладонь правой руки к левой стороне груди.

Ежегодно в Казахстане День государственных символов празднуется 4 июня, а в 2007 году в этот день принят Конституционный закон Рес-



публики Казахстан «О государственных символах».

В свою очередь, в целях единообразного применения законодательства в указанной сфере прокуратурой района на постоянной основе осуществляется надзорная деятельность за соблюдением законодательства о государственных символах.

Соблюдение требований данного законодательства должно быть не только нормой, но и обязательным условием функционирования всех звеньев государственной власти, каждый гражданин должен уделять внимание соблюдению порядка размещения государственных символов и не быть равнодушным к любому роду нарушениям данного законодательства.

Дамир ТУЛЕУБАЕВ,
прокурор
районной прокуратуры

ЖЕҢІМПАЗ

Жеңіс үшін рахмет

Жылдан-жылға Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің қатары сиреп келеді. Сол қаарман ардагердің бірі Каскин Алдаберген ата. Әулікөл балалар мен жасөспірімдер «Үміт» ба-спанасы қарияны қонаққа шақырып, құрмет көрсетті.



Соғыс деген сөздің өзі адамға қорқыныш ұялатады. Ал соғысқа барып, қатыгездік әрі қантөгіспен бетпе-бет кездесу одан да қорқынышты. Қаншама бала ата-анасынан айырылып, қорғансыз балапанның күйін кешті?! Қаншама сарбаз Отан жолында сол соғыстың құрбаны болды?

Осы мерекеге арнап баспана тәрбиеленушілері мерекелік концерт ұйымдастырды. Балалар ән айтып, тапқар жолдарын арнап ардагерге деген сый-құрметін көрсетіп сыйлығын тарту етті.

Сөз соңында, Алдаберген атамyz балаларға ақ батасын беріп, ыстық лебізін білдіріп, ақыл-кеңесін, көңілінің бір шаттық кернеп кеткенін айтып өтті.

Біздің ұжымның және балалардың атынан Алдаберген атамyzға зор денсаулық, ұзақ өмір тілеп, шаңырағына құт-береке, туғандары мен жақындарына бақыт тілейміз.

Бибіғанша ДОСПАЕВА, педагог-психолог

Семья и школа - партнеры в воспитании детей

В районном доме культуры прошло районное родительское собрание «Семья и школа партнеры в воспитании детей» по итогам работы за прошедший год и дальнейшие шаги по совершенствованию качества обучения.

В собрании присутствовали родители, директора, заместители директоров по воспитательной работе. Также приняли свое участие руководитель отдела образования Асет Айсин, заместитель прокурора Талгат Такишев, старший участковый инспектор по делам несовершеннолетних, капитан полиции Владимир Долматов, директор ОФ «Молодежный центр здоровья» и заведующая отделом профилактики и социально-психологической помощи поликлиники центральной районной больницы Татьяна Дериглазова, председатель родительского общественного совета Галина Галлямова.

В сегодняшних условиях глобализации знания становится определяющим фактором состоятельности и мощи нации. Одним из стратегических ориентиров Государственной программы развития образования в Республики Казахстан до 2020 года является обеспечение качества учебно-воспитательного процесса, которое предполагает совокупность следующих компонентов: качества воспитания и обучения, качества условий.

Руководитель отдела образования А.Айсин рассказал об итогах прошедшего года. На сегодня сеть школьных учреждений составляет 40 организаций, из них семь детских садов и тридцать три мини-центра, в том числе один мини-центр с полным пребыванием при Черниговской СШ (40 мест), две группы с полным днем пребывания при Ауликөлской НШ (50 мест). С государственным языком обучения - 19. Из них 2 детских сада и 17 мини-центр. За последние 3 года было создано 175 новых мест. В 2017 году планируется открытие детского сада в с.Ауликөл



с использованием механизма государственно-частного партнерства на 50 мест. И еще планируется открытие частного сада на 25 мест в с.Аманкарагай.

Среднее образование является базовым уровнем системы образования. Сеть образовательных учреждений включает 34 дневные общеобразовательные школы, две вечерние школы. В районе функционируют 18 общеобразовательных средних школ, в том числе одна школа-гимназия имени С.Баймагамбетова, восемь основных школ и начальных.

На данный момент в школе искусств обучается 557 детей, работает двенадцать отделений. Культурно-оздоровительный комплекс «Достык» посещают 320 детей. Работают семнадцать кружков. В районной детско-юношеской спортивной школе занимаются 556 детей, работает семь спортивных секций.

В целом можно утверждать, что в районе созданы условия для осуществления качественного учебно-воспитательного процесса. В то же время финансирование бюджета не позволяет в полной мере решать задачи материально-технического оснащения школ. И в этой связи выразил благодарность всей родительской общественности, которые оказывают посильную спонсорскую помощь учреждениям образования.

Старший участковый инспектор по делам несовершеннолетних, капитан полиции В.Долматов сообщил присутствующим о «Состоянии преступности среди несовершеннолетних за 2015 год и за истекший период 2016 года».

Директор ОФ «Молодежный центр здоровья» и заведующая отделом профилактики и социально-психологической помощи поликлиники центральной районной больницы Т.Дериглазова в своем выступлении об «Основах нравственно-полового воспитания подростков» дала информацию о формировании у подростков половой этики, эстетики и гигиены, культуры интимных отношений, любви и семейной жизни.

В рамках родительского собрания работала диалоговая площадка «Свободный микрофон», где родители могли задать интересующие вопросы. По окончании пленарной части собрания, к завершению был представлен просмотр спектакля «Охотники за папами» талантливого театрального коллектива «Метаморфозы», за основу которой была взята очень актуальная тема в наше время, так как для любого ребенка отец-это важный человек.

Гульнур КАБДЫБЕКОВА,
студентка I курса
факультета журналистики КГУ
имени А.Байтурсынова
Фото Инны КАПЛИНОЙ

ИМАНДЫЛЫҚ

Рамазан – он екі айдың сұлтаны

Жыл он екі айдың ішінде Рамазан артықша қасиеттерге ие болғандығы үшін он екі айдың сұлтаны деп аталады. Әрі өзгелердің қиыншылығы мен қайғысына ортақтасу айы, сондықтан оның сыйы - жәннат. Құран Кәрім осы айда түсірілген. Мың айдан артық қасиетке ие Қадір түні де осы айда. Алла тағала Құран Кәрімде тек осы Рамазан айының атын атап, ардақтап көрсеткен.

Алла тағала адам баласының сенімін күшейтіп, еркіндікті сезінуге, өзіне-өзі бақылау жасауына және нәпсісін тыю үшін осы Рамазан айында ораза тұтуды парыз етті. Ораза деп ниет ету шартымен таң рауандаудың алдынан күн батқанға дейін ішіп-жеу мен жыныстық қатынастан тыйылуды айтады. Ораза көзге көрінбейтін Алла тағала мен адам арасындағы көмескі бір ғибадат. Басқаша айтқанда, нәпсісін тыю арқылы орындалатын сыр тәрізді құлшылық. Хазірет Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Ораза тілектің қабыл болуына себепші болады. Ауыз ашардағы тілек қайтарылмайды.

Ораза тозақтан қорғайтын қалқан. Ораза ұстаушылар жәннатқа Райхан атты арнаулы қақпадан кіреді.

Әр нәрсенің өзіне тән тазалығы бар. Рухтың тазалығы - ораза. Ораза - сабырдың жартысы. Денсаулық тұрғысында оразаның көп пайда-сы бар. Жыл он екі ай бойы асқа толтырған асқазанды бір ай демалдыруда денсаулыққа байланысты елеулі сыр жатыр. Және аш қадірін тоқ білмейді дегендей, ораза ұстағандар аштын, аштықтың қадірін біліп, ұдайы жоқ-жітікке көмектесу сезіміне ие болады.

Ораза ұстау әрбір мұсылман ер мен әйелге міндет. Шарттары: 1. Мұсылман болуы. 2. Балиғатқа жеткен болуы. 3. Ақыл-есі бүтін болуы. 4. Муким (бір жерде тұрақты болуы). 5. Дені сау болуы. 6. Әйелдер қайыз бен нифастан (етеккірден) таза болуы керек. Ауру-сырқаты жазылмайтындар, денсаулығы ауыз бекітуді көтермейтіндер, жасы келген үлкен қарттар ораза ұстамаса да болады, бірақ олар дәулеті жеткілікті болса, тұтпаған оразасына фидия садақасын береді.

Оразаның бірінші шарты - тыйылу. Алла тағала Құран Кәрімде былай деген: "Ақ жіп ажыратылып, танылғанша (таң ағарғанша) жерлер де ішіндер. Содан кеш батқанша ораза ұстандар".

Екінші шарты - ниет. Ниет екі түрлі болады. Біріншісі, күнделікті ауыз бекітер алдында сол күні ораза тұтуға ниет етеді. Екіншісі, Рамазан

айының алғашқы күнінде толық бір Рамазан айына ниет етеді. Сондықтан да Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): "Әрбір жақсы амал ниетке байланысты", - деген. Биыл, Құдай қаласа, толық бір ай оразаға шілде айының 5-ші жұлдызында жексенбі күні ниет етіліп, бірінші тарауық намазы мешітте 23.30-да оқылады.

Қасиетті Рамазан айында ораза тұтумен бірге әр мұсылман баласына пітір садақасын беру міндет. Бірінші күні таң атысымен беруге болады. Қостанай облысы бойынша пітір садақаның көлемі әр мұсылман баласына биыл 200 теңгені құрайды. Дегенмен, пітір садақасын Рамазан айының алғашқы он күндігінде берудің абзал екендігін естен шығармаған жөн. Бұл садақа ораза айында мешітке табыс етілуі керек. Өздеріңізге мәлім, бұрынғы замандарда мешітке үкімет тарапынан байтұл малдан (қазынадан) каражат бөлінетін, бірақ қазіргі заманда мешіттер тек қана халық садақасымен күн кешіп отырғандығын есепке алу керек. Алла тағала Құран Кәрімде былай деген: "Алланың бірлігіне және қиямет күніне сеніп, Алланың мешітін гүлдендіруге үлес қосқандарға шексіз сауап болады".

Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының мұсылман қауымына Рамазан айына байланысты Үндеу жариялады. Осы үндеуге үн қосу бәріміздің мұсылмандық, адамгершілік міндетіміз. Үлкенді де, кішіні де улап жатқан арам судан ең болмаса қасиетті айда бас тартсақ, той дастарқандарын халал етсек, Алла разы болады. Оның есесіне игі істерді көп істеп, бір-бірімізге мейірімділік танытсақ, өміріміз жақсарады.

Тағы бір толғандыратын мәселе, осы Рамазан айында күндіз тамақ беру. Ас беру, о дүниелік болған кісінің жылын, қыркын, жетісін беру, туған күн, мерейтой жасауға тыйым салынады. Себебі, Рамазан айында әрбір саналы, иманды жан ауыз бекітуге тиіс, ал бір себептермен ауыз бекітпеген кісі ең болмаса осы айдың қасиетін біліп, мұсылман дінін, оразаны, Рамазан айын құрметтеуі керек.

Шариғат жолымен жақсылық жасауға тырысайық, ағайын. Рамазан айы бәрімізге де жақсылық әкелсін. Алла ризалығы үшін жасаған амалдарыңыз, берген садақаларыңыз, сұраған дұғаларыңыз қабыл болсын және де сіздердің барлық игілікті істеріңізге бір Алла жар болсын!

Нұрбол БАЛАХМЕТОВ,
Әміт ишан мешітінің бас имамы

Қасиетті Рамазан оразасы мен намаз уақыттарының КЕСТЕСІ

Маусым, шілде	Рамазан айы	Апта күндері	Сәресінің уақыты	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінді намазы	Ақшам намазы (Ауыз ашар уақыты)	Құптан намазы
6	1	Дүйсенбі	2:00-3:11	03:21	05:21	14:00	19:23	21:56	23:30
7	2	Сейсенбі	2:00-3:10	03:20	05:20		19:24	21:57	23:30
8	3	Сәрсенбі	2:00-3:10	03:20	05:20		19:24	21:58	23:30
9	4	Бейсенбі	2:00-3:09	03:19	05:19		19:25	21:59	23:30
10	5	Жұма	2:00-3:09	03:19	05:19		19:25	22:00	23:30
11	6	Сенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:26	22:00	23:30
12	7	Жексенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:26	22:01	23:30
13	8	Дүйсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:27	22:02	23:30
14	9	Сейсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:27	22:02	23:30
15	10	Сәрсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:27	22:03	23:30
16	11	Бейсенбі	2:00-3:07	03:17	05:17		19:28	22:03	23:30
17	12	Жұма	2:00-3:07	03:17	05:17		19:28	22:04	23:30
18	13	Сенбі	2:00-3:07	03:17	05:17		19:28	22:04	23:30
19	14	Жексенбі	2:00-3:07	03:17	05:17		19:29	22:04	23:30
20	15	Дүйсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:29	22:05	23:30
21	16	Сейсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:29	22:05	23:30
22	17	Сәрсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:29	22:05	23:30
23	18	Бейсенбі	2:00-3:08	03:18	05:18		19:29	22:05	23:30
24	19	Жұма	2:00-3:09	03:19	05:19		19:30	22:05	23:30
25	20	Сенбі	2:00-3:09	03:19	05:19		19:30	22:05	23:30
26	21	Жексенбі	2:00-3:10	03:20	05:20		19:30	22:05	23:30
27	22	Дүйсенбі	2:00-3:10	03:20	05:20		19:30	22:05	23:30
28	23	Сейсенбі	2:00-3:11	03:21	05:21		19:30	22:05	23:30
29	24	Сәрсенбі	2:00-3:11	03:21	05:21		19:30	22:04	23:30
30	25	Бейсенбі	2:00-3:12	03:22	05:22		19:30	22:04	23:30
1	26	Жұма	2:00-3:13	03:23	05:23		19:30	22:04	23:30
2	27	Сенбі	2:00-3:13	03:23	05:23		19:29	22:03	23:30
3	28	Жексенбі	2:00-3:14	03:24	05:24		19:29	22:03	23:30
4	29	Дүйсенбі	2:00-3:15	03:25	05:25		19:29	22:02	23:30

ЕСКЕРТУ:

Биыл, яғни 2016 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы - 29 күн.

6-маусым қасиетті Рамазан айының 1-ші жұлдызы.

1. Сәресі ішу таң намазына 10 минут қалғанда тоқтатылады.

2. Шілденің 1-нен 2-не қараған түн (26-27 Рамазан) қасиетті - Қадір түні.

3. Ауызды ақшам намазының уақыты кіргенде құрмамен немесе сумен және т.б. тағаммен ашу керек.

4. Тарауих намазы 5-маусымнан бастап, жасиқ намазынан кейін оқылады, одан кейін үтір уәжіб намазы жамағатпен оқылады.

5. Пітір садақаны Рамазан айының бірінші күнінен бастап, айт күніне дейін беруге болады. Бірақ бірінші он күндігінде берген сауапты. Биылғы жылы Қостанай облысы бойынша пітір садақасының есептегендегі құны -200 теңге.

6. 5-шілде сейсенбі күні - Ораза айт мейрамы басталады. Айт намазы Әміт ишан атындағы мешітте сағат 7-де оқылады.

7. Оразаға ниет: «Алла Тағала үшін мұбарак Рамазан айының оразасын таңнан күн батқанға дейін ұстауға ниет еттім».

8. Ауыз ашар дұғасы: «Жаратқан Ием Сен үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризық несібеммен ауыз аштым. Иә, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә кемшіліктерімді кешіре гөр!»

КӨРІКТЕНДІРУ

Таза болса табиғат, аман болар адамзат

Көктем келді! Табиғаттың оянуы қардың еруімен, құстардың жылы жақтан ұшып келуімен және бәйшешектердің алғашқы гүлдеуімен жалғасады. Осы кезде қыстың аяқталғанын білдіргендей қардың астынан қыс бойы жиналған қоқыс пен кір шығады. Сондықтан да, көктем айының күн шуағы санитарлық тазарту жұмыстарына шығуға шақырады.

Үшқарасу негізгі мектебінде 7 сәуір күні мектеп ауласын тазарту мақсатында сенбілік ұйымдастырылды. Оқушыларды қоғамдық еңбекке баули отырып туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке, қоршаған ортаны таза ұстауға, патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында сенбілік өткізілді. Сенбілікке барлық мектеп оқушылары және мектеп ұжымы белсенділік танытып қатысты.

1-9 сынып аралығында 44 оқушы және 22 мектеп ұстаздары мен мектеп жұмыскерлері атсалысты. Сенбілік сағат тоғызда басталып, мектеп ауласында



абаттандыру және санитарлық тазарту іс-шаралары өтті. Ағаштарды ақтап, жөнге келтіру мақсатында көп еңбектенді. Сонымен қатар, гүл отырғызылатын алаңдар комыстылып, гүл егуге даярлық жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өздерінің білім-тәрбие алып жатқан алтын ұя мектебінің тазалығын сақтауға жауапты екендіктерін білдірді. Әркім өзіне бөлінген жерді тазалап, әр сынып оқушылары өздеріне жүктелген тапсырманы үлкен жауапкершілікпен атқарды. Еңбекке деген сүйіспеншіліктері артып, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бірлесе ұжыммен қызу жұмыс жүргізді.

Қарлығаш СҮЙІНДІКОВА, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Табиғаттың саф тазалығы, әсемдігі, кіршіксіз пәктігі адам жанын баурамауы, сірә, мүмкін емес шығар. Сондықтан мектеп ауласын көркейт, жасыл көшет отырғызу, қоғалдандыру біздің сүйікті істеріміздің бірі.

Ағаш отырғызу – тәрбие бастауы

қоғалдандырып, жасыл желектер отырғызамыз. Көздерін ашқалы табиғат аясында, тау-тасты аралап, шөптің, ағаштың сан алуан түрімен таныс болған оқушылар бұл игі іске білек сыбана кіріседі. Себебі, ағаш отырғызу - болашаққа баға жетпес мұра қалдырумен пара-пар екенін мектеп оқушылары жете түсінеді. Біз жыл сайын мектеп ауласына қылқан жапырақты ағаштардың түр-түрін - аршаның, қарағай, самырсын, шырша сияқты ағаштарды отырғызып, оларды балаша күтеміз. Осы орайда, қазақ халқы «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөзді бекер айтпаса керек. Тіпті ағаш егіп, өсіру бала тәрбиелегенмен пара-пар екені де осыған дәлел. Біз, ұстаздар баланы туылғанынан өмірдің ызғарлы желіне төтеп беретін бекем, берік қылып өсіруді мақсат тұтатындай ағашты да табиғаттың алапат күшінен аман қалдырып, тамырын қаққан



қазықтай мығым ету үшін күтімі күпті, бабы мықты болу үшін балаға сондай тәрбие береміз. Болмысынан табиғатты аялауға, сүюге, құрметтеуге дәріптейтін бұл шара осындай екіжақты сипатқа ие. Біздің мектептің оқушылары бұл игі істің құдыреті мен маңыздылығын, сипатын, ағаштың адам өміріне тигізетін пайдасын жете түсінеді. Себебі, ағаш тыныс алуға керекті ауаны тазартып, топырақты қорғайды; ексең көрік, жесең жеміс, қыстың

бұл рәсім бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табуда. Әр көктем біз үшін осы тамаша рәсімнен бастау алады. Бәріміз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, оқушылар мен басы-қасындағы мұғалімдер болып ауылымызды

аясында жақсаң отын, жаздың аптап ыстығында көлеңкесі жанына сая. Сондықтан тәрбие көзіне айналған Елбасының сары даланың елу мың гектардан артық жеріне орман отырғызуын үлкен ұлылық деп есептеймін. Тамырын топыраққа сіндіріп, ағаш отырғызып, жапырағы жайқала өсіп тұрған ағашқа не жетсін?!

Г.ДҮЗЕНОВА,
Москалев орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі
Суретте: ОМ оқушылары

АУДАН ӘКІМІНІҢ
2016 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕГІ №90 ҚАУЛЫСЫ

2016 жылға арналған Әуликөл ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

